**Мемлекеттік кірістер органдарының Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросына салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан салықтық құпияны құрайтын мәліметтерді және құпия ақпаратты ұсыну қағидаларын, сондай-ақ ұсынылатын мәліметтер мен құпия ақпараттардың тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2022 жылғы 7 қазандағы № 129 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2022 жылғы 7 қазандағы № 1045 бірлескен бұйрығы.

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 19-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 30-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына, сондай-ақ "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік кірістер органдарының Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросына салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан салықтық құпияны құрайтын мәліметтерді және құпия ақпаратты ұсыну қағидалары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан ұсынылатын салықтық құпияны құрайтын мәліметтердің және құпия ақпараттың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. "Салық құпиясын құрайтын салық төлеушілер (салық агенттері) туралы мәліметтер тізбесін және оларды ұсыну ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 278 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бірлескен бұйрығының күші жойылсын.

5. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының жетекшілік ететін орынбасарына және Қазақстан Республикасының жетекшілік ететін қаржы вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бірлескен бұйрық оған мемлекеттік орган басшыларының соңғысы қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының басшысы**
**___________ Ж. Шаймарданов**

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушы**
**______________ Е. Біржанов**

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика
бюросы басшысының
2022 жылғы "07" қазан № 129
және Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының
2022 жылғы "07" қазан № 1045
бірлескен бұйрығына
1-қосымша

## Мемлекеттік кірістер органдарының Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросына салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан салықтық құпияны құрайтын мәліметтерді және құпия ақпаратты ұсыну қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік кірістер органдарының Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросына салық

төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан салықтық құпияны құрайтын мәліметтерді және құпия ақпаратты ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 19-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 30-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – Комитет) салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан салықтық құпияны құрайтын салық төлеушілер (салық агенттері) туралы мәліметтерді және Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) кеден заңнамасына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, Қазақстан Республикасының кеден және өзге де заңнамасына сәйкес алған құпия ақпаратты (бұдан әрі − Мәліметтер) Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросына (бұдан әрі – Бюро) ұсыну тәртібін белгілейді.

2. Мәліметтер Салық кодексінің 30-бабы 3-тармағы 4) тармақшасының екінші абзацына сәйкес Мәліметтерге қолжетімділігі бар лауазымды адамдардың тізбесіне енгізілген Бюроның лауазымды адамдарына ұсынылады.

3. Мәліметтерді ұсыну Комитеттің ақпараттық жүйесі (бұдан әрі– АЖ) мен Бюроның "е-Статистика" интеграцияланған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – " е-Статистика" АЖ) арасындағы "электрондық үкімет" шлюзі (бұдан әрі – ЭҮШ 2.0) арқылы "автоматты өзектендіру" асинхронды режимінде интеграциялау жолымен жүзеге асырылады.

Бұзушылық фактілері болған кезде себептерді анықтау және жою үшін талдауды Комитет АЖ, "е-Статистика" ИАЖ және ЭҮШ 2.0 әкімшілері жүзеге асырады.

4. Мәліметтерді беру процесінде барлық уақыт параметрлерін тіркеу Астана қаласының уақыты бойынша жүргізіледі.

5. Интеграциялық өзара іс-қимылды іске асыру сәтіне дейін Комитет Мәліметтерді FTP арналары арқылы Бюроға келісілген мерзімде ұсынады.

## 2-тарау. Салық төлеушінің (салық агентінің)жазбаша рұқсатын алмастан салықтық құпияны құрайтын мәліметтерді және құпия ақпаратты ұсыну тәртібі

### 1-параграф. Ақпараттық жүйелерді интеграциялау тәртібі

6. ЭҮШ 2.0 арқылы Комитеттің АЖ мен "е-Статистика" ИАЖ арасындағы интеграция апта сайынғы негізде сейсенбіде веб-сервис арқылы XML-форматта электрондық хабарлама жіберу арқылы, "е-Статистика" ИАЖ иесінің көліктік қолымен қол қою арқылы жүргізіледі, бұл ретте бизнес-деректерге Қазақстан Республикасының

Ұлттық куәландырушы орталығы (бұдан әрі – ҚР ҰКО) шығарған және тұлғаны айқындауға арналған тіркеу куәлігін пайдалана отырып, мемлекеттік органның АЖ иесінің электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылады.

ЭЦҚ тексеру Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 1187 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12864 болып тіркелген) бекітілген Электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалығын тексеру қағидаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Комитет пен Бюро алдын ала немесе сертификат қайта шығарылған жағдайда ресми хаттар және тіркеу куәліктерімен ‘.cer’ форматында алмасады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 07.06.2024 № 86 және ҚР Қаржы министрінің 14.06.2024 № 361 бірлескен бұйрығымен.

7. Интеграция әдістері мемлекеттік органдардың ЭЦҚ-мен қол қойылған SmartBridge жүйесіндегі Интеграция жөніндегі келісім шеңберінде сипатталады.

8. Комитеттің АЖ, "Е-Статистика" ИАЖ және ЭҮШ 2.0 серверлерінде Мәліметтермен алмасу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды (бұдан әрі – Талаптар)сақтай отырып жүргізіледі.

## 2-параграф. "Автоматты өзектілендіру"режимінде мәліметтерді ұсыну

9. "Автоматты өзектілендіру" режимінде интеграция Комитет АЖ бастамасы бойынша жүргізіледі. ЭҮШ 2.0 арқылы "е-Статистика" ИАЖ-ға сұраулар және "е-Статистика" ИАЖ-ға жауаптар веб-сервис арқылы XML форматында беріледі.

10. Мәліметтер осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23 және 24-қосымшада көзделген атрибуттарға, типтерге және форматқа сәйкес онлайн режимде ұсынылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 07.06.2024 № 86 және ҚР Қаржы министрінің 14.06.2024 № 361 бірлескен бұйрығымен.

## 2.1-параграф. Интеграциялық өзара іс-қимылды іске асыру сәтіне дейін мәліметтерді ұсыну

11. Интеграциялық өзара іс қимылды іске асыру сәтіне дейін Комитет FTP арналары арқылы Бюроға мынадай мәліметтерді мына мерзімдерде:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер, шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша жалдамалы жұмыскерлер саны мәліметтерді

тоқсан сайынғы негізде, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 30-шы (отызыншы) күнінен кешіктірмей;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар бөлінісінде салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің төленген сомалары туралы мәліметтерді ай сайынғы негізде, есепті айдан кейін 20-сы ( жиырмасы) күніне дейін;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар бөлінісінде әлеуметтік аударымдар мен зейнетақы қорына аударымдардың төленген сомалары туралы мәліметтерді ай сайынғы негізде, есепті айдан кейін 20-сы ( жиырмасы) күніне дейін;

4) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына тауарлардың экспорты (ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің салық органдарынан келіп түсетін, тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштер бойынша мәліметтерден) және тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш нысанынан (328.00-нысан) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан тауарлардың импорты туралы мәліметтерді тоқсан сайынғы негізде, есепті тоқсаннан кейінгі 40-шы ( қырықыншы) күнге;

5) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес дара кәсіпкерлердің кірісі бойынша мәліметтерді жыл сайынғы негізде, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 25-ші (жиырма бесінші) сәуіріне дейін;

6) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлер, шаруа немесе фермер қожалықтарының жылдық кірістер жөніндегі мәліметтерді жыл сайынғы негізде, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1-ші (бірінші) маусымына дейін;

7) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес бақылау-касса машиналарының чектерінен мәліметтерді апта сайынғы негізде;

8) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес тауарларға ілеспе жүкқұжаттар (ТІЖ) бойынша мәліметтерді ай сайынғы негізде, есепті айдан кейін 20-сы (жиырмасы) күніне дейін;

9) осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес "Электрондық шот-фактуралар" АЖ-дан мәліметтерді ай сайынғы негізде, есепті айдан кейін;

10) осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес заңды тұлғалар, филиалдар мен өкілдіктер, дара кәсіпкерлер, шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша жұмыскерлердің жеке табыс салығының және жеке тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналарының сомасы туралы мәліметтерді тоқсан сайынғы негізде, есепті тоқсаннан кейін 20-сы (жиырмасы) күніне дейін;

11) осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес сыртқы сауданың деректер базасынан мәліметтерді ай сайынғы негізде, есепті айдан кейін 20-сы (жиырмасы) күніне дейін;

12) осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес кәсіпорындардың балансы, кірістері мен шығыстары бойынша мәліметтерді жыл сайынғы негізде, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1-ші (бірінші) маусымына дейін;

13) осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына тауарлардың экспорты туралы мәліметтерді ("Электрондық шот-фактуралар" ақпараттық жүйесінің мәліметтерінен), тоқсан сайынғы негізде, есепті тоқсаннан кейін 20-сы (жиырмасы) күніне дейін;

14) осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төлемдерді (Ұлттық қорға түсімдер сомасын қоса алғанда), жыл сайынғы негізде, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 25-ші (жиырма бесінші) маусымына дейін;

15) осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес ФДО көздері бойынша анықтамалықты, апта сайынғы негізде ұсынады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 07.06.2024 № 86 және ҚР Қаржы министрінің 14.06.2024 № 361 бірлескен бұйрығымен.

**3-параграф. Комитеттің АЖ-нен ЭҮШ 2.0 асинхронды арнасы арқылы "е-Статистика" ИАЖ-ғаберілетін мәліметтердің құрылымы,мерзімі және олардың көлеміне қойылатын талап**

12. Комитеттің АЖ-нен ЭҮШ 2.0 асинхронды арнасы арқылы "е-Статистика" ИАЖ-ға берілетін мәліметтердің құрылымын Комитет пен Бюро айқындайды.

Мәліметтердің құрылымы мен форматына өзгерістер берілетін мәліметтердің өзгеруі мен толықтырылуына байланысты Комитет пен Бюроның келісімі бойынша енгізіледі.

13.Мәліметтерді беру асинхронды режимде жүзеге асырылады, оны іске асыруға өнімділік пен сенімділік бойынша мынадай талаптар қойылады:

1) сұрау салуды өңдеудің ең ұзақ уақыты-30 (отыз) секунд;

2) сұрауды өңдеудің орташа уақыты-10 (он)секунд;

3) ең жоғары жүктеме-сағатына 2000 сұраудан артық емес;

4) номиналды жүктеме-сағатына 360 сұраудан артық емес;

5) орташа үзіліссіз жұмыс уақыты-365/7/24;

6) жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру уақыты – бір сағаттан артық емес.

Ақпараттандыру объектілері (бұдан әрі - АО) арасында берілетін пакеттің мөлшері 15 мегабайттан аспауы тиіс.

**4-параграф. Электрондық коммуникация құралдарына, компьютерлік және коммуникациялық жабдыққа қойылатын талаптар**

14. Электрондық коммуникациялар құралдары Комитет пен Бюро арасында Талаптарға сәйкес электрондық түрде ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

15. Көліктік коммуникациялық ортаға мыналар кіреді:

1) мәліметтерді беру арналары;

2) коммуникациялық жабдық;

3) мәліметтерді байланыс арналары арқылы беру кезінде рұқсатсыз қол жеткізу және арнайы әсер ету есебінен ұрлаудан, жоғалтудан, ағып кетуден, жоюдан, бұрмалаудан немесе қолдан жасаудан аппараттық қорғауды және секундына кемінде 64 килобит интеграция жылдамдығын қамтамасыз етеді.

16. АЖ арасындағы интеграция келесі форматтарға сәйкес келеді:

1) HTTPS көлік хаттамасы ретінде ҚР ҰКО берген SSL тіркеу куәліктерін қолдана отырып,;

2) SOAPхаттамасы (SimpleObjectAccessProtocol) өзара іс-қимылхаттамасы ретінде;

3) WSDL сипаттау тілі;

4) ЭЦҚ қол қоятын Мәліметтер құрылымын сипаттауға арналған XSD тілі;

5) веб-әдістер мен олардың параметрлері үшін берілетін XML мәліметтерінің форматы;

6) ЭЦҚ қол қойылған XML-файлдың құрылымы W3C "XML – SignatureSyntaxandProcessing" консорциумының (XML қолтаңбасының синтаксисі және өңделуі) ерекшелігіне сәйкес келеді.

Soap хаттамасы бойынша өзара іс-қимыл шеңберінде WS-security ерекшелігіне сәйкес ҚР ҰКО берген мемлекеттік органның АЖ иесінің ЭЦҚ пайдаланылады.

17. Деректерді беру үшін TCP / IP көлікхаттамасы қолданылады.

**5-параграф. Ақпаратты қорғауға қойылатын талаптар**

18. Ақпараттық өзара іс қимыл кезінде ақпаратты қорғау "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға.сәйкес техникалық және ұйымдастырушылық сипаттағы іс шаралар есебінен қамтамасыз етіледі.

**3-тарау. Мәліметтердің құпиялылығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету**

19. Комитеттің және Бюроның Мәліметтерге қол жеткізе алатын лауазымды адамдары алынған ақпаратты тікелей мақсаты бойынша және оны берген Тарапқа нұқсан келтірмей, үшінші тараптарға беру құқығынсыз пайдалануды қамтамасыз етеді және "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес мәліметтерді заңсыз жария еткені үшін жауапты болады.

20. Комитет Бюроға берілетін мәліметтердің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік кірістер
органдарының

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросына
салық төлеушінің (салық
агентінің) жазбаша рұқсатын
алмастан салықтық құпияны
құрайтын мәліметтерді және
құпия ақпаратты ұсыну
қағидаларына
1-қосымша

**Заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер, шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша жалдамалы жұмыскерлер саны туралы мәліметтер**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 07.06.2024 № 86 және ҚР Қаржы министрінің 14.06.2024 № 361 бірлескен бұйрығымен.

| р/с № | Атрибут | Типі (мөлшері) | Форматы |
|---|---|---|---|
| 1 | СТН | Мәтіндік (12) | 0,..,9 цифр |
| 2 | ЖСН/БСН | Мәтіндік (12) | 0,..,9 цифр |
| 3 | БСК | Мәтіндік (12) | 0,..,9 цифр |
| 4 | МКБ коды | Мәтіндік (4) | 0,..,9 цифр |
| 5 | Тоқсанның бірінші айындағы жалдамалы жұмысшылар саны | Сандық (10) | 0,..,9 цифр |
| 6 | Тоқсанның екінші айындағы жалдамалы жұмысшылар саны | Сандық (10) | 0,..,9 цифр |
| 7 | Тоқсанның үшінші айындағы жалдамалы жұмысшылар саны | Сандық (10) | 0,..,9 цифр |
| 8 | Тоқсанның бірінші айында есептелген кірістер | Сандық (12) | 0,..,9 цифр |
| 9 | Тоқсанның екінші айында есептелген кірістер | Сандық (12) | 0,..,9 цифр |
| 10 | Тоқсанның үшінші айында есептелген кірістер | Сандық (12) | 0,..,9 цифр |
| 11 | Нақты мекенжайы | Мәтіндік | 0,..,9 цифр |
| 12 | Байланыс деректері | Сандық | 0,..,9 цифр |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (заңды тұлғалар үшін);

БСК – бюджеттік сыныптама коды – бюджетке ақша аудару үшін қажетті, жиырма саннан тұратын арнайы деректеме;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

МКБ – Мемлекеттік кірістер басқармасы;

СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

Мемлекеттік кірістер органдарының
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің Ұлттық
статистика бюросына салық
төлеушінің (салық агентінің)
жазбаша рұқсатын алмастан
салықтық құпияны құрайтын
мәліметтерді және құпия
ақпаратты ұсыну қағидаларына
2-қосымша

**Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар бөлінісінде салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің төленген сомалары туралы мәліметтер**

| р/с № | Атрибут | Типі (мөлшері) | Формат |
|---|---|---|---|
| 1 | ЖСН | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 |
| 2 | БСН | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 |
| 3 | СТН | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 |
| 4 | МКД коды | Мәтіндік (2) | Цифрлар 0,,9 |
| 5 | МКБ коды | Мәтіндік (4) | Цифрлар 0,,9 |
| 6 | Сомасы | Сандық (12) | Цифрлар 0,,9 |
| 7 | БСК* | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 |

Ескертпе: *"Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына сәйкес бюджеттік сыныптама кодтары бөлінісінде бюджетке түсетін салық түсімдері бойынша ақпарат (1-санат).

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСК – бюджеттік сыныптама коды;

МКБ – мемлекеттік кірістер басқармасы;

МКД – мемлекеттік кірістер департаменті.

Мемлекеттік кірістер
органдарының
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің Ұлттық
статистика бюросына салық
төлеушінің (салық агентінің)

жазбаша рұқсатын алмастан
салықтық құпияны құрайтын
мәліметтерді және құпия
ақпаратты ұсыну қағидаларына
3-қосымша

## Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар бөлінісінде әлеуметтік аударымдар мен зейнетақы қорына аударымдардың төленген сомалары туралы мәліметтер

| р/с № | Атрибут | Типі (мөлшері) | Формат |
|---|---|---|---|
| 1 | ЖСН | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 |
| 2 | БСН | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 |
| 3 | СТН | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 |
| 4 | МКД коды | Мәтіндік (2) | Цифрлар 0,,9 |
| 5 | МКБ коды | Мәтіндік (4) | Цифрлар 0,,9 |
| 6 | Сомасы | Сандық (12) | Цифрлар 0,,9 |
| 7 | БСК* | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 |

Ескертпе:* "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына сәйкес бюджеттік сыныптама кодтары бөлінісінде бюджетке түсетін салық түсімдері бойынша ақпарат (1 санат).

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (заңды тұлғалар үшін);

БСК – бюджеттік сыныптама коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

МКБ – мемлекеттік кірістер басқармасы;

МКД – мемлекеттік кірістер департаменті;

СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

Мемлекеттік кірістер
органдарының
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің Ұлттық
статистика бюросына салық
төлеушінің (салық агентінің)
жазбаша рұқсатын алмастан
салықтық құпияны құрайтын
мәліметтерді және құпия
ақпаратты ұсыну қағидаларына
4-қосымша

## ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына тауарлардың экспорты (ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің салық органдарынан түсетін тауарларды әкелу және жанама салықтарды

**төлеу туралы өтініштер бойынша мәліметтерден) және тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш нысанынан (328.00-нысан) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан тауарлардың импорты туралы мәліметтер**

| р/с № | Атрибут | Типі (мөлшері) | Формат | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| 1 | СД коды | Сандық | Цифрлар 4 | Цифрлар 0,,9 |
| 2 | СБ коды | Сандық | Цифрлар 4 | Цифрлар 0,,9 |
| 3 | Салық кезеңінің бастапқы күні | Мәтіндік және Сандық | Цифрлар 4 | Цифрлар 0,,9 |
| 4 | Сатып алушының сәйкестендіру коды (нөмірі) | Сандық | Цифрлар 12 | Цифрлар 0,,9 |
| 5 | Сатып алушының атауы | Мәтіндік (40) | Мәтін | Цифрлар 0,,9 |
| 6 | Сатушының сәйкестендіру коды (нөмірі) | Сандық | Цифрлар 10 | Цифрлар 0,,9 |
| 7 | Сатушының атауы | Мәтіндік (40) | Мәтін | Цифрлар 0,,9 |
| 8 | Сатушы елінің коды | Сандық | Цифрлар 3 | Цифрлар 0,,9 |
| 9 | Шарттың ( келісімшарттың) нөмірі 1 | Сандық | Цифрлар 2-10 | Цифрлар 0,,9 |
| 10 | Шарттың ( келісімшарттың) күні 1 | Сандық | Цифрлар 8 | Цифрлар 0,,9 |
| 11 | Тауардың атауы | Мәтіндік (40) | Мәтін | Цифрлар 0,,9 |
| 12 | ЕАЭО СЭҚ ТН тауарының коды | Сандық | Цифрлар 10 | Цифрлар 0,,9 |
| 13 | Тауардың өлшем бірлігі | Сандық | Цифрлар 3 | Цифрлар 0,,9 |
| 14 | Тауар саны | Сандық | Цифрлар 1-10 | Цифрлар 0,,9 |
| 15 | Тауар құны | Сандық | Цифрлар 1-10 | Цифрлар 0,,9 |
| 16 | Валюта коды | Сандық | Цифрлар 3 | Цифрлар 0,,9 |
| 17 | Валюта бағамы | Сандық | Цифрлар 1-4 | Цифрлар 0,,9 |
| 18 | Көлік (тауарға ілеспе) құжатының сериясы, нөмірі | Мәтіндік және Сандық | Цифрлар 2-15 | Цифрлар 0,,9 |
| 19 | Көлік (тауарға ілеспе) құжатының күні | Сандық | Цифрлар 8 | Цифрлар 0,,9 |
| 20 | Шот-фактура нөмірі | Мәтіндік және Сандық | Цифрлар 2-15 | Цифрлар 0,,9 |
| 21 | Шот-фактура күні | Сандық | Цифрлар 8 | Цифрлар 0,,9 |
| 22 | Тауарды есепке алу күні | Сандық | Цифрлар 8 | Цифрлар 0,,9 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 23 | Салық базасы (ҚҚС ) | Сандық | Цифрлар 1-15 | Цифрлар 0,,9 |
| 24 | Салық сомалары ( ҚҚС) | Сандық | Цифрлар 1-15 | Цифрлар 0,,9 |
| 25 | Сатушы елінің коды (3-бөлім) | Сандық | Цифрлар 4 | Цифрлар 0,,9 |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЕЭА – Еуразиялық экономикалық одақ;

СД – салық департаменті;

СБ – салық басқармасы;

ТН ВЭД ЕАЭС – Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы;

ҚҚС – қосылған құн салығы.

Мемлекеттік кірістер органдарының Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросына салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан салықтық құпияны құрайтын мәліметтерді және құпия ақпаратты ұсыну қағидаларына 5-қосымша

**Дара кәсіпкерлердің кірісі бойынша мәліметтер**

| р/с № | Атрибут | Типі (мөлшері) | Формат |
|---|---|---|---|
| 1 | СТН | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 |
| 2 | ЖСН | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 |
| 3 | МКД коды | Мәтіндік (2) | Цифрлар 0,,9 |
| 4 | МКБ коды | Мәтіндік (4) | Цифрлар 0,,9 |
| 5 | Кәсіпкерлік режимнің түрі | Мәтіндік (40) | Цифрлар 0,,9 |
| 6 | Күнтізбелік жылдағы кіріс | Сандық (12) | Цифрлар 0,,9 |
| 7 | Қызмет түрі (ЭҚЖЖ) | Мәтіндік (5) | Цифрлар0,,9 |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

МКД – мемлекеттік кірістер департаменті;

МКБ – мемлекеттік кірістер басқармасы;

ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші коды.

Мемлекеттік кірістер органдарының Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің Ұлттық
статистика бюросына салық
төлеушінің (салық агентінің)
жазбаша рұқсатын алмастан
салықтық құпияны құрайтын
мәліметтерді және құпия
ақпаратты ұсыну қағидаларына
6-қосымша

## Заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлер, шаруа немесе фермер қожалықтарының кірістер жөніндегі мәліметтер

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 07.06.2024 № 86 және ҚР Қаржы министрінің 14.06.2024 № 361 бірлескен бұйрығымен.

| р/с № | Атрибут | Типі (мөлшері) | Формат | р/с № |
|---|---|---|---|---|
| 1 | СТН | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 | 1 |
| 2 | БСН | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 | 2 |
| 3 | МКД коды | Мәтіндік (2) | Цифрлар 0,,9 | 3 |
| 4 | МКБ коды | Мәтіндік (4) | Цифрлар 0,,9 | 4 |
| 5 | Қолданылатын режим түрі | Мәтіндік (40) | Цифрлар 0,,9 | 5 |
| 6 | Кірістер | Сандық (12) | Цифрлар 0,,9 | 6 |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

СТН – салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

МКД – мемлекеттік кірістер департаменті;

МКБ – мемлекеттік кірістер басқармасы.

Мемлекеттік кірістер органдарының
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің Ұлттық
статистика бюросына салық
төлеушінің (салық агентінің)
жазбаша рұқсатын алмастан
салықтық құпияны құрайтын
мәліметтерді және құпия
ақпаратты ұсыну қағидаларына
7-қосымша

## Шығарындылар түрлері бөлінісінде қоршаған ортаға теріс әсер етуі жөніндегі мәліметтер, барлығы, оның ішінде белгіленген норматив шегінде, белгіленген нормативтен тыс

| р/с № | Атрибут | Типі (мөлшері) | Формат | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| 1. | БСН | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2. | ЖСН | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 3. | Қызметті есептен шығару немесе тоқтата тұру белгісі | Мәтіндік (1) | Цифрлар 1,2 | – есептен шығарылды, 2-қызметі тоқтатылып тұр |
| 4. | Есептен шығарылған күні | Мәтіндік (10) | DDMMYYYY | |
| 5. | Белгіленген нормативтер шегіндегі қоршаған ортаға теріс әсер етуі жөніндегі мәліметтердің нақты көлемі ( килограмм) | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 6. | Белгіленген нормативтерден тыс қоршаған ортаға теріс әсер етуі жөніндегі мәліметтердің нақты көлемі ( килограмм) | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 7. | Белгіленген норматив шегінде есептелген төлем сомасы (теңге) | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 8. | Белгіленген нормативтен тыс есептелген төлем сомасы (теңге) | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 | |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (заңды тұлғалар үшін).

Мемлекеттік кірістер органдарының Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросына салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан салықтық құпияны құрайтын мәліметтерді және құпия ақпаратты ұсыну қағидаларына
8-қосымша

**Су пайдалану көлемі, су ресурстарын пайдаланғаны үшін нақты төлем туралы мәліметтер, барлығы, оның ішінде белгіленген норматив шегінде, белгіленген нормативтен тыс**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|

| р/с № | Атрибут | Типі (мөлшері) | Формат | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| 1. | БСН | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 2. | ЖСН | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 3. | Қызметті есептен шығару немесе тоқтата тұру белгісі | Сандық (1) | | 1 – есептен шығарылды, 2-қызметі тоқтатылып тұр |
| 4. | Есептен шығарылған күні | Мәтіндік (10) | DDMMYYYY | |
| 5. | Есепті кезеңдегі суды пайдаланудың нақты көлемі (жалпы сомасы, текше метр) | Сандық (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 6. | Белгіленген лимиттен асатын су пайдалану көлемі (текше метр) | Сандық (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 7. | Белгіленген лимит шегінде есептелген төлем сомасы (теңге) | Сандық (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 8. | Белгіленген лимиттен асатын есептелген төлем сомасы (теңге) | Сандық (12) | Цифрлар 0,,9 | |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (заңды тұлғалар үшін).

Мемлекеттік кірістер органдарының Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросына салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан салықтық құпияны құрайтын мәліметтерді және құпия ақпаратты ұсыну қағидаларына
9-қосымша

## Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін нақты төлемдер туралы мәліметтер

| р/с № | Атрибут | Типі (мөлшері) | Формат | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| 1. | БСН | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 2. | ЖСН | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 3. | | Сандық (1) | | 1 – есептен шығарылды, 2- |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қызметті есептен шығару немесе тоқтата тұру белгісі | | | қызметі тоқтатылып тұр |
| 4. | Есептен шығарылған күні | Мәтіндік (10) | DDMMYYYY | |
| 5. | Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем сомасы (теңге) | Сандық (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 6. | Қатты пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия негізінде жер қойнауы учаскесін алған тұлғалардың жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем сомасы (теңге) | Сандық (12) | Цифрлар 0,,9 | |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (заңды тұлғалар үшін).

Мемлекеттік кірістер органдарының Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросына салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан салықтық құпияны құрайтын мәліметтерді және құпия ақпаратты ұсыну қағидаларына 10-қосымша

## Орманды пайдаланғаны үшін нақты төлемдер туралы мәліметтер

| р/с № | Атрибут | Типі (мөлшері) | Формат | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| 1 | БСН | Мәтіндік(12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 2 | ЖСН | Мәтіндік(12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 3 | Қызметті есептен шығару немесе тоқтата тұру белгісі | Сандық (1) | | 1 – есептен шығарылды, 2-қызметі тоқтатылып тұр |
| 4 | Есептен шығарылған күні | Мәтіндік(10) | DDMMYYYY | |
| 5 | Орманды пайдаланғаны үшін | Сандық (12) | Цифрлар 0,,9 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | нақты төлемдер ( теңге) | | | |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (заңды тұлғалар үшін).

Мемлекеттік кірістер органдарының
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің Ұлттық
статистика бюросына салық
төлеушінің (салық агентінің)
жазбаша рұқсатын алмастан
салықтық құпияны құрайтын
мәліметтерді және құпия
ақпаратты ұсыну қағидаларына
11-қосымша

## Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін нақты төлемдер туралы мәліметтер

| р/с № | Атрибут | Типі (мөлшері) | Формат | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| 1 | БСН | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 2 | ЖСН | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 3 | Қызметті есептен шығару немесе тоқтата тұру белгісі | Сандық (1) | | 1 – есептен шығарылды, 2- қызметі тоқтатылып тұр |
| 4 | Есептен шығарылған күні | Мәтіндік (10) | DDMMYYYY | |
| 5 | Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін нақты төлемдер ( теңге) | Сандық (12) | Цифрлар 0,,9 | |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (заңды тұлғалар үшін).

Мемлекеттік кірістер органдарының
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің Ұлттық
статистика бюросына салық
төлеушінің (салық агентінің)
жазбаша рұқсатын алмастан
салықтық құпияны құрайтын
мәліметтерді және құпия
ақпаратты ұсыну қағидаларына
12-қосымша

## Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін нақты төлемдер туралы мәліметтер

| р/с № | Атрибут | Типі (мөлшері) | Формат | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| 1 | БСН | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 2 | ЖСН | Мәтіндік (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 3 | Қызметті есептен шығару немесе тоқтата тұру белгісі | Сандық (1) | | 1 – есептен шығарылды, 2-қызметі тоқтатылып тұр |
| 4 | Есептен шығарылған күні | Мәтіндік (10) | DDMMYYYY | |
| 5 | Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін нақты төлемдер (теңге) | Сандық (12) | Цифрлар 0,,9 | |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (заңды тұлғалар үшін).

Мемлекеттік кірістер органдарының Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросына салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан салықтық құпияны құрайтын мәліметтерді және құпия ақпаратты ұсыну қағидаларына 13-қосымша

## Бақылау-касса машиналарының чектерінен мәліметтер

Ескерту. 13-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 07.06.2024 № 86 және ҚР Қаржы министрінің 14.06.2024 № 361 бірлескен бұйрығымен.

| р/с № | Атрибут | Типі (мөлшері) | Форматы | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| 1 | ЖСН/БСН | Мәтіндік (шектеусіз) | 0,,12 цифр | |
| 2 | Салық төлеушінің атауы | Мәтіндік (шектеусіз) | | |
| 3 | БКМ пайдалану орнының мекенжайы | Мәтіндік (шектеусіз) | | |
| 4 | Тауардың, жұмыстың, | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | көрсетілетін қызметтің атауы | Мәтіндік (шектеусіз ) | | |
| 5 | Сатып алынатын тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің саны, олардың өлшем бірлігі | Сандық (шектеусіз) (float) | | |
| 6 | Тауар, жұмыс, қызмет бірлігінің бағасы | Сандық (шектеусіз) (float) | | |
| 7 | Тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету күні мен уақыты | Мәтіндік (шектеусіз ) | DD.MM.YYYYHH. MM | |
| 8 | Тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатудың жалпы сомасы | Сандық (шектеусіз) (float) | | |
| 9 | Штрих-код | String (без ограничений) (float) | | |
| 10 | Чектің ішкі сәйкестендіргіші | Мәтіндік (шектеусіз ) | | check_id |
| 11 | ФДО-ға аудару күні мен уақыты | Мәтіндік(шектеусіз) | DD.MM.YYYYHH. MM | |
| 12 | Сатылған тауарға, жұмысқа, қызметке жеңілдікті қолдану шарттары | Булеан | True/False | |
| 13 | Салық органында БКМ тіркелген нөмірі | Мәтіндік (шектеусіз ) | | |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (заңды тұлғалар үшін);

БКМ – бақылау-касса машинасы;

ФДО – Фискалдық деректер операторы.

Мемлекеттік кірістер органдарының
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің Ұлттық
статистика бюросына салық
төлеушінің (салық агентінің)
жазбаша рұқсатын алмастан
салықтық құпияны құрайтын
мәліметтерді және құпия

ақпаратты ұсыну қағидаларына
14-қосымша

## Тауарларға ілеспе жүкқұжаттар (ТІЖ) бойынша мәліметтер

| р/с № | Атрибут | Типі (мөлшері) | Формат | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| 1 | А Бөлімі. Жалпы бөлім | Мәтіндік-цифрлық (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 2 | В Бөлімі. Өнім берушінің деректемелері | Мәтіндік- цифрлық (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 3 | С Бөлімі.Алушының деректемелері | Мәтіндік- цифрлық (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 4 | D Бөлімі. Жүк жөнелтушінің және жүк алушының деректемелері | Мәтіндік- цифрлық (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 5 | D1 Бөлім. Қосымша мәліметтер | Мәтіндік- цифрлық (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 6 | Е Бөлімі.Тасымалдау бойынша мәліметтер | Мәтіндік- цифрлық (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 7 | F Бөлімі.Тауарды жеткізуге арналған шарт (келісімшарт) | Мәтіндік- цифрлық (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 8 | F1 Бөлімі. БҚҚ/ӨБК шеңберіндегі шарт (келісімшарт) | Мәтіндік- цифрлық (12) | Цифрлар 0,,9 | |
| 9 | G1 Бөлімі.Тауарлар бойынша деректер | Мәтіндік- цифрлық (12) | Цифрлар 0,,9 | |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БҚҚ – бірлескен қызметке қатысушы;

ӨБК – өнімді бөлу туралы келісім.

Мемлекеттік кірістер
органдарының
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросына
салық төлеушінің (салық
агентінің) жазбаша рұқсатын
алмастан салықтық құпияны
құрайтын мәліметтерді және
құпия ақпаратты ұсыну
қағидаларына
15-қосымша

## "Электрондық шот-фактуралар" ақпараттық жүйесінен мәліметтер

Ескерту. 15-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 07.06.2024 № 86 және ҚР Қаржы министрінің 14.06.2024 № 361 бірлескен бұйрығымен.

| р/с № | Атрибут | Типі (өлшемі) | Форматы | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Өнім берушінің БСН-і | Мәтіндік (12) | 0,,12 цифр | |
| 2 | Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің БСН-і | Мәтіндік (12) | 0,,12 цифр | |
| 3 | Өнім берушінің атауы | Мәтіндік (n) | | |
| 4 | Өнім берушінің орналасқан жерінің мекенжайы | Мәтіндік | | |
| 5 | Тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті алушының БСН-і | Мәтіндік (12) | 0,,12 цифр | |
| 6 | Тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті алушының атауы | Мәтіндік (n) | | |
| 7 | Тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті алушы елдің коды | Мәтіндік (2) | | |
| 8 | Тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жерінің мекенжайы | Мәтіндік | | |
| 9 | Межелі пункт | Мәтіндік | | |
| 10 | Валюта коды | Мәтіндік (3) | | |
| 11 | Валюта бағамы | Сандық (4,1) | | |
| 12 | Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің шығу белгісі | Сандық (1) | | |
| 13 | Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауы | Мәтіндік (40) | | |
| 14 | Тауар коды (ЕАЭО СЭҚ ТН) | Сандық (10) | | |
| 15 | Өлшем бірлігі | Сандық (3) Мәтіндік (40) | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 16 | Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің саны ( көлемі) | Сандық (6,1) | | |
| 17 | Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жанама салықсыз бірлігінің бағасы (тарифі) | Сандық (12,1) | | |
| 18 | Айналым жасалған күн | Мәтіндік (10) | DDMMYYYY | |
| 19 | Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жанама салықсыз құны | Сандық (12,1) | | |
| 20 | Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жанама салықты есепке алғанда құны | Сандық (12,1) | | |
| 21 | Жеткізушінің санаты ( STATUS_SELLER) | Мәтіндік (шектеусіз ) | | |
| 22 | Электрондық шот-фактураның тіркеу нөмірі | Мәтіндік | String | |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі (заңды тұлғалар үшін);

ЕАЭО СЭҚ ТН - Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы.

Мемлекеттік кірістер органдарының Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросына салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан салықтық құпияны құрайтын мәліметтерді және құпия ақпаратты ұсыну қағидаларына
16-қосымша

**Заңды тұлғалар, филиалдар мен өкілдіктер, дара кәсіпкерлер, шаруа немесе фермер қожалықтары жұмыскерлерінің жеке табыс салығының және жеке тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналарының сомасы туралы мәліметтер**

Ескерту. 16-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 07.06.2024 № 86 және ҚР Қаржы министрінің 14.06.2024 № 361 бірлескен бұйрығымен.

| р/с № | Атрибут | Типі | Форматы |
|---|---|---|---|
| 1 | ЖСН (жұмыс беруші) | Мәтіндік (12) | 0,,9 цифр |
| 2 | БСН (жұмыс беруші) | Мәтіндік (12) | 0,,9 цифр |
| 3 | Жеке тұлғаның ( қызметкердің) ЖСН | Мәтіндік (12) | 0,,9 цифр |
| 4 | МКБ коды | Мәтіндік (4) | 0,..,9 цифр |
| 5 | Тоқсанның бірінші айындағы жеке табыс салығының сомасы | Сандық (9) | 0,..,9 цифр |
| 6 | Тоқсанның екінші айындағы жеке табыс салығының сомасы | Сандық (9) | 0,..,9 цифр |
| 7 | Тоқсанның үшінші айындағы жеке табыс салығының сомасы | Сандық (9) | 0,..,9 цифр |
| 8 | Тоқсанның бірінші айындағы міндетті зейнетақы жарналарының сомасы | Сандық (9) | 0,..,9 цифр |
| 9 | Тоқсанның екінші айындағы міндетті зейнетақы жарналарының сомасы | Сандық (9) | 0,..,9 цифр |
| 10 | Тоқсанның үшінші айындағы міндетті зейнетақы жарналарының сомасы | Сандық (9) | 0,..,9 цифр |
| 11 | Нақты мекенжайы | Мәтіндік | 0,..,9 цифр |
| 12 | Байланыс деректері | Сандық | 0,..,9 цифр |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі (заңды тұлғалар үшін);

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

МКБ - Мемлекеттік кірістер басқармасы.

Мемлекеттік кірістер органдарының
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің Ұлттық
статистика бюросына салық

төлеушінің (салық агентінің)
жазбаша рұқсатын алмастан
салықтық құпияны құрайтын
мәліметтерді және құпия
ақпаратты ұсыну қағидаларына
17-қосымша

## Сыртқы сауда дерекқорынан мәліметтер

| р/с № | Өріс атауы | форматы | | ТД бағанының № | Өріс мазмұны |
|---|---|---|---|---|---|
| | | типі | ұзындығы | | |
| 1 | nd | c | 20 | a | ТД тіркеу нөмірі |
| 2 | g011 | c | 2 | 1 | тауарды өткізу бағыты |
| 3 | КАТО | c | 2 | | жіберуші/алушы ӘАОЖ коды |
| 4 | g11 | c | 2 | 11 | сауда елінің коды |
| 5 | g15 | c | 17 | 15 | шығу елі |
| 6 | g15a | c | 2 | 15 | жөнелту елінің коды |
| 7 | g17a | c | 2 | 17 | баратын елдің коды |
| 8 | g17b | c | 17 | 17 | баратын ел |
| 9 | stran | c | 2 | | импорт/экспорт елінің коды* |
| 10 | g212 | c | 2 | 21 | көлікке тиесілі елдің коды |
| 11 | g24 | c | 3 | 24 | мәміленің сипаты |
| 12 | g251 | c | 2 | 25 | шекарадағы көлік түрі |
| 13 | g29 | c | 5 | 29 | шекарадағы кеден коды |
| 14 | g312 | c | 253 | 31 | тауардың сипаттамасы |
| 15 | g315 | c | 13 | 31 | қосымша өлшем бірлігінің атауы |
| 16 | g315a | n | 11,2 | 31 | қосымша өлшем бірлігіндегі тауар саны |
| 17 | g313 | n | 3 | 31 | контейнерлер саны |
| 18 | g32 | n | 3 | 32 | тауар нөмірі |
| 19 | g33 | c | 10 | 33 | ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауар коды |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 20 | g34 | c | 2 | 34a | шыққан ел коды |
| 21 | g35 | n | 17,2 | 35 | брутто салмағы ( килограмм) |
| 22 | g37 | c | 7 | 37 | рәсім |
| 23 | g38 | n | 17,2 | 38 | нетто салмағы ( килограмм) |
| 24 | g41 | c | 3 | 41 | қосымша өлшем бірлігінің коды |
| 25 | g46 | n | 17,2 | 46 | өнімнің статистикалық құны (АҚШ доллары) |
| 26 | g2 | c | | 2 | СЭҚҚ атауы |
| 27 | adr | c | | adr | СЭҚҚ заңды мекенжайы |
| 28 | g9 | | | 8 | СЭҚҚ ЖСН/ БСН |

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ДТ – тауарларға арналған декларация;

СЭҚҚ – сыртқы экономикалық қызметке қатысушы;

ТН ВЭД ЕАЭС – Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы;

ӘАОЖ – әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші;

ИИН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес сәйкестендіру нөмірі;

АҚШ – Америка Құрама Штаттары;

Ұлттық бюроның басшысы
бойынша статистика агенттігі
стратегиялық жоспарлау және
Қазақстан Республикасының
реформалары
2022 жылғы 7 қазандағы
№ 129 және
Қаржы министрінің м.а
Қазақстан Республикасы
2022 жылдың 7 қазанынан
бастап № 1045
Бірлескен бұйрыққа
2-қосымша

**Салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатынсыз салықтық құпияны құрайтын мәліметтердің және құпия ақпараттың тізбесі**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 07.06.2024 № 86 және ҚР Қаржы министрінің 14.06.2024 № 361 бірлескен бұйрығымен.

| р/с №. | Салықтық құпияны құрайтын мәліметтердің атауы |
|---|---|
| 1 | Заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер, шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша жалдамалы жұмыскерлер саны туралы мәліметтер |
| 2 | Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар бөлінісінде төленген салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасы туралы мәліметтер |
| 3 | Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар бөлінісінде төленген әлеуметтік аударымдар және зейнетақы қорына аударымдар сомасы туралы мәліметтер |
| 4 | ЕЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына тауарлардың экспорты (ЕАЭО мүше мемлекеттердің салық органдарынан алынған тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштер бойынша мәліметтерден) және тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш нысанынан (328.00 нысаны) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан тауарлардың импорты туралы мәліметтер |
| 5 | Дара кәсіпкерлердің кірістері туралы мәліметтер |
| 6 | Заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлер, шаруа немесе фермер қожалықтарының кірістер жөніндегі мәліметтер |
| 7 | Шығарындылар түрлері бөлінісінде, қоршаған ортаға теріс әсер еткені, оның ішінде белгіленген норматив шегінде, белгіленген нормативтен асып кеткені туралы мәліметтер, барлығы |
| 8 | Суды пайдалану көлемі, су ресурстарын пайдаланғаны үшін нақты төлемақылар, оның ішінде белгіленген норматив шегінде, белгіленген нормативтен асып кеткені туралы мәліметтер, барлығы |
| 9 | Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін нақты төлемақылар туралы мәліметтер |
| 10 | Орманды пайдаланғаны үшін нақты төлемақылар туралы мәліметтер |
| 11 | Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін нақты төлемақылар туралы ақпарат |
| 12 | Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін нақты төлемақылар туралы мәліметтер |
| 13 | Бақылау-касса машиналарының чектерінен мәліметтер |
| 14 | Тауарларға ілеспе жүкқұжаттар (ТІЖ) туралы мәліметтер |
| 15 | "Электрондық шот-фактуралар" ақпараттық жүйесінен ақпарат |
| | |

| | |
|---|---|
| 16 | Заңды тұлғалар, филиалдар мен өкілдіктер, дара кәсіпкерлер, шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша қызметкерлердің жеке табыс салығының және жеке тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналарының сомасы туралы мәліметтер |
| 17 | Сыртқы сауданың деректер базасынан мәліметтер |
| 18 | Кәсіпорындардың балансы, шығыстар мен кірістер туралы мәліметтер |
| 19 | ЕАЭО мүше мемлекеттерінің аумағына тауарлардың экспорты туралы мәліметтер ("Электрондық шот-фактуралар" ақпараттық жүйесінен алынған мәліметтен) |
| 20 | Бақылау-касса машиналарының анықтамалығынан мәліметтер |
| 21 | Дара кәсіпкерлердің шығыстары бойынша мәліметтер |
| 22 | Заңды тұлғалардың шығыстары бойынша мәліметтер |
| 23 | Есепті жылы табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төлемдер (Ұлттық қорға түсім сомасын қоса алғанда) |
| 24 | ФДО көздері бойынша анықтамалық |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЕАЭО – Еуразиялық экономикалық одақ;

ФДО – фискалдық деректер операторы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК